

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БАРЛАУ ӨНДІРУ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫ

Бұл құжат «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының (Компания) бизнесті жүргізуінің барлық қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар жалпы корпоративтік мақсаттарға қол жеткізу барысында өз қызметтерінде ұстанатын және Компанияның корпоративтік мәдениетін қалыптастыратын негізгі қағидаттарын белгілейді

1 Қағидат. Жауаптылық

Компания өзінің іскерлік атақ-беделін қадір тұтады және:

Қызметкерлердің алдындағы

Адамдарға деген құрметтің негізінде Компанияда қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қамтамасыз етуге.

Компанияның барлық қызметкерлеріне олардың ұлтына, нәсіліне, жынысы мен дініне қарамастан бірдей мүмкіндік беруге.

Қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз етуге.

Қызметкерлердің кәсіби жағынан дамуына, сондай-ақ олардың дарындары мен шығармашылық бастамашылықтарының бой көрсетуіне.

Акционерлердің алдындағы

Барлық акционерлер үшін барынша пайда табуды қамтамасыз етуге.

Барлық акционерлердің мүдделерін бірдей қорғауға.

Тиімді корпоративтік басқаруды жүзеге асыруға.

Қоғамның алдындағы

Компания қызмет істейтін елдердің құқықтық және моральдық нормаларын сақтауға.

Компанияның қызметі аймақтарының тұрақты дамуына жәрдем көрсетуге.

Әлеуметтік-жауапты бизнес жүргізуге.

Әріптестерінің алдындағы

Жасалған келісім-шарттар бойынша міндеттемелерін мінсіз және тиісінше атқаруға. Компания өзінің әріптестерінен де бизнесті жүргізуге деген осындай қадамдарды күтеді.

Тұтынушылардың алдындағы

Өндірілетін өнімдер мен ұсынылатын қызмет көрсетулерді берудің қажетті сапа деңгейі мен сенімділігін қамтамасыз етуге деген өзінің жауаптылығын түйсінеді.

2 Қағидат. Ұдайы жақсарту

Компания өндірілетін өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің сапасын ұдайы жақсартып отыруға, сондай-ақ өндірістік және басқарушылық процестердің нәтижелілігін арттыруға ұмтылады.

Компания қолда бар ресурстарды оңтайлы пайдалана отырып бизнес-процестерді ұдайы жақсартуға деген өзінің шынайы бейілділігін білдіреді.

Компанияның қызметкерлері өздерінің кәсіби деңгейін, білімі мен тәжірибелік машықтарын үнемі жетілдіріп отырады.

3 Қағидат. Бизнесті жүргізудің заңдылығы, ашықтығы және адалдығы

Компания адал, ашық және әділ қызмет істейді және өзінің қызметкерлерінен, әріптестері мен тұтынушыларынан осыны күтеді.

Компания өзінің қызметі туралы тиісті ақпараттарды Компанияның барлық акционерлерінің, қызметкерлерінің, сондай-ақ жұртшылықтың назарына уақытылы жеткізіп отырады.

Компанияның барлық қызметкерлері өздерінің дербес жауапкершіліктерін түсінеді әрі өздерінің лауазымдық міндеттерін қатаң түрде заңнамалық талаптардың және Компанияның ішкі нормалары мен ережелерінің шеңберінде орындайды.

Кез келген нысандағы параларды тікелей және жанама түрде ұсыну, төлеу, бопсалаушылық немесе алу Компания қызметкерлері үшін үзілді-кесілді бас тартылатын қолайсыз жағдай.

Компанияның барлық қызметкерлері өздерінің жеке қаржылық мүдделері мен Компанияның олар қатысатын іскерлік операцияларының арасындағы дау-жанжалдан өзін аулақ ұстауы керек. Ал мұндай дау-дамай пайда болған жағдайда, ол туралы Компанияның тиісті қызметтерін дер кезінде хабардар етуі тиіс.

4 Қағидат. Денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау, еңбек қауіпсіздігі

Компания қоршаған ортаға жағымсыз әсер етуді төмендетуге және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға ұмтылады.

Компания өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік деңгейін,

сондай-ақ Компания қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігін арттыру бағытында үнемі жұмыс істейді.

Компанияда басқарушылық және өндірістік шешімдер олардың экологиялық зардаптары мен өнеркәсіптік қауіпсіздік шаралары міндетті түрде ескеріле отырып қабылданады және іске асырылады.

Компания өзінің мердігерлерінен Компанияда қабылданған өнерәсіптік және экологиялық қауіпсіздік, еңбек пен денсаулық қорғау саласындағы барлық стандарттар мен нормаларды сақтауды талап етеді.

5. Қағидат. Экономикалық тиімділік

Компанияның бизнесін жүргізудің негізгі экономикалық ұстанымы ұйым тыныс-тіршілігінің қажетті шарты ретіндегі кірістілік болып табылады.

Кірістілікке жұмыстарды тиімді ұйымдастыру, өндірістік, қаржылық және инвестициялық қызметті басқару және бақылау жолымен қол жеткізіледі.

6. Қағидат. Саяси қызмет

Компания саяси партиялардың, ұйымдардың немесе олардың өкілдерінің пайдасына төлемдерді жүзеге асырмайды және саяси қозғалыстарға ешқандай қатыспайды. Компания өзінің қызметкерлерінің саяси партияларға, ұйымдарға қатысуға немесе олардың өкілдері болуға, сондай-ақ саяси қозғалыстарға қатысуға деген құқықтарын мойындайды.

7. Қағидат. Дұрыс бәсекелестік ұстанымы

ҚМГ БӨ еркін кәсіпкерлікті қолдайды және адамгершіліктік әрі заңнамалық қалыптарды сақтай отырып, басқаларға олармен еркін бәсекелесуге бөгет жасамай адал бәсекелестікке ұмтылады.